

Жиналыс төрағасы: - 1. қамқоршылық кеңес төрағасы - А.Е.Тулемисов

Қатысқандар:

2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Д.Сисенғалиева
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі И.Бекенаева
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі Д.Изтурганова
5. Қамқоршылық кеңес хатшысы А.Кубенова

Қаралатын мәселелер:

1. Атқарылған шаралар туралы мәліметтер туралы
2. Тегін ыстық тамақ ішетін білім алушылар туралы ақпарат

Сөз алғандар:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Кеңес төрағасы А. Тулемисов сөз алып қамқоршылық кеңес мүшелеріне және мектеп мамандарына кезекті жиналысты ашық деп жариялап қаралатын мәселелермен таныстырып, кезекті сөз берді.

1. Атқарылған шаралар туралы мәліметтер туралы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша келесі сөз алған мектептің әлеуметтік педагогі А.Ж Кубенова «Шетпе лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 - 2025 оқу жылында жалпы мектеп бойынша оқушылар саны – 139. оның ішінде ұл оқушы 53, қыз оқушы 87.

(5-11 сыныптар), мектебімізде барлық отбасы саны – 117, соның ішінде -229 ата - ана бар. Оның ішінде, аз қамтылған отбасы саны - 15, оқушылар саны – 19, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы оқушы саны –1, көпбалалы отбасы балалар саны-83, толық емес отбасы (заң жүзінде ажырасқан / жалғызділікті ана) – 2, ондағы оқушылар саны – 2, (әкесі қайтыс болған) отбасы -2, оқушылар саны – 2, қолайсыз отбасы балалары – 0

2024-2025 оқу жылында барлығы 139 білім алушымен жарты жылдық оқу жылын аяқтадық. Мектебімізде дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының іс-шара жоспары жасалып, комиссия құрамы бекітілді. «Жақсылық жаса» ұранымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына кең жүрек, қолы ашық, қайырымды жан, қиналғанға қол ұшын созып, көмекке мұқтаж жандарға демеу болуына арналған хабарландырулар мен шақыру хаттар демеушілерге таратылды. Акция барысында «Каспий цемент» ЖСШ қызметкерлері толыққанды емес отбасы бойынша 5 сыныбындағы Сәрсенбай Әсем Берекетқызы оқу құрал-жабдықтары салынған сабаққа ұстайтын сумканы сыйға тартты.

2024-2025 оқу жылында «Шетпе лицейі» КММ жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес жоспарын бекіту, кеңес мүшелерінің орнына жаңадан мүшелерін сайлау.

«Шетпе лицейі» КММ - сі бойынша әлеуметтік қолдау қолдауды қажет ететін санаттағы білім алушылардың тізімі анықталып, сыныптың әлеуметтік құжаты жасақталып мектептің әлеуметтік паспорт жасалды. Жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардың жан басына шаққандағы орташа табысы қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат тағайындауға (өтініш берген айды қоса алғанда) өтініш берген сәтке дейінгі табыс сомасын жыл басынан айлар санына және отбасы мүшелерінің санына бөлу арқылы айқындалады

Жаңа оқу жылы басында Ұлттық білім беру деректер қоры бойынша анықталған қаржылай көмек және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаржыны қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары (2008 ж 25 қаңтардағы № 64 қаулы) мен бір реттік ыстық тамақпен қамтылатын 5-11 сынып арасынан 22 оқушы бойынша құжаттар жинақталды. 2024 жылдың тамыз айынан бастап, әлеуметтік қолдау қажет ететін отбасындағы балалардың арасынан әлеуметтік қолдау қажет ететін отбасындағы балалардың қаржылай және материалдық көмек көрсету және бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылу үшін, ата-аналар, мектептің өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында eGov/kz электронды порталы арқылы Маңғыстау аудандық білім бөліміне өтініш тасталды. Өтінішке 5 жұмыс күнінде жауап берілді. 5-11 сыныптар арасынан 22 білім алушы қабылданды. Қабылданған білім алушы арасынан

02.09.2024ж №28 о/қ бұйрығымен 11 сынып оқушысы Бердіғұл Дана Жансерікқызы Нұн Жұбаев атындағы орта мектепке ауысуына байланысты тізімнен алынды. Ұлттық білім беру деректер қоры бойынша анықталған А.Мендалыұлы атындағы орта мектептен аз қамтылған отбасынан 5 сынып оқушысы Нұрболат Дана Есболатқызы 18.09.2024ж №33 о/қ бұйрығы негізінде мектебімізге ауысты. Көмек көрсетілген қаржыны сол мектептен алған. Келген уақытынан бастап ыстық тамаққа қамтылды.

Әлеуметтік қолдау қажет ететін отбасындағы балалардың қаржылай және материалдық көмек көрсету және бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылу үшін, ата-аналар, мектептің өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында eGov/kz электронды порталы арқылы Маңғыстау аудандық білім бөліміне өтініш тастады. Өтінішке 5 жұмыс күнінде жауап берілді.

Жалпы оқумен қамту қорынан бөлінетін қаражаттан әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға 50000 теңге көлемінде қаражат берілді.

Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын, басшылыққа ала отырып мектеп ішілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

2. Тегін ыстық тамақ ішетін білім алушылар туралы ақпарат

Асхананы жалға алушы жеке кәсіпкер Аксауле Құдайбергенқызы Достан демеушілігі есебінен 13 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 8 білім алушы 8,9,10,11 сыныпта оқитын, ата - ана өтініші негізінде ыстық тамақ ішпейді. Оқушылар қыркүйек - желтоқсан айларында белгіленген Маңғыстау облысының білім басқарма басшысы, Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімі басшыларының жалпы білім беретін ұйымдарда мектеп оқушыларының тағамын ұйымдастыруға арналған екі апталық ас мәзірі бекітіліп, ыстық тамақтың құны әр оқушыға 508 теңгеден белгіленді. Асханада ыстық тамақ ішетін білім алушы балаларға арналған турникет орналастырылған.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 15 наурыздағы №320 қаулысына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қарашадағы №598 бұйрығына сәйкес мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша бракераждық комиссия құрылып, бракераждық журнал арналып, мектеп медбикесі Г.Н.Ерниязова оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың сынамасын тексеріп, күнделікті бақылап отырады. Ай сайын мектеп ішінен құрылған бракераждық комиссия асхананың тамақ сапасын, тазалығын тексеріп зерделеу актісі жазылып тұрады. Мектеп асханасының жұмысы мектеп әкімшілігінің күнделікті қадағалануында.

Комиссия шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылдың өткізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Аталған оқушылардың тегін ыстық тамақпен уақтылы қамтылуын қадағалау;

Асхана жұмысы бойынша оқушылардың қатысуын тіркеп отыру;

Тамақ сапасына қатысты ата-аналардан және оқушылардан кері байланыс жинап отыру тапсырылсын.

Осы хаттамалық шешім мектеп әкімшілігіне ұсынылсын

Кеңес төрағасы:  А.Е. Тулемисов
Кеңес хатшысы:  А.Ж. Кубенова